

**"Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы N 19 мамыр N 384

"Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 94-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 2,40-баптардағы "Қазақстан Республикасы Президентінің" деген

сөздер алып тасталсын және "Конституциялық заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

"29-1-бап. Республика Президентінің ұсынысы бойынша Парламент Сенатының және (немесе) Мәжілісінің тұрақты комитеттері өзге де мәселелерді қарайды және мемлекет Басшысына тиісті қорытындыларды табыс етеді."

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.